





ТІЛШІ - ЕЛДЕН

«Жаңатұрмыс» – жаңа шаруашылық

Қармақшы ауданындағы Иіркөл ауылында «Жаңатұрмыс» шаруа қожалығы құрылып, тұрғындарды еңбекке жұмылдырды деген жаңалықты естігеніміз біраз болған. Жуыра жана іс бастаған ауыл тіршілігін көріп қайттық.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Сабырхан Зайырұев ауыл орталығына жетіп, шаруашылық төрағасы Ардақ Мырзахметовпен хабарласқанымызда, ол ауыл орталығынан 5-6 шақырым жердегі шабындықта шөпшілермен бірге шөп тиіп жүргенін айтты. Біршама уақыттан соң біз де төраға сілтеген жерге жеттік. Мына жағы Сырдария өзенімен шектескен, ал мына жағы табиғи шүйтін шөпке толы аймақта шағын трактор шөп тайлап жүр. Оның арғы шетінде жастардан құралған шөпшілер көлікке тай шөпті тиеуде.

Сапар мақсатын білген шаруашылық төрағасы Ардақ Мырзахметов бізді дария табындына жайқала өскен көрі Сыр талының көлеңкесіне шақырды.

Биыл ауылдағы 50 отбасының ортақ шешімімен көршілес «Жаңажол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Орынбасар Төлеповке арнайылап бағыр, үлесі бар 114 адамды жұмысқа қабылдау туралы өтініш айтқан болатынбыз. Орынбасар тұрғындар тілегіне бей-жай қарамай, 350 гектар егістік алқапқа Сыр салысын орналастыруға көмектесті. Бүгінде «Жаңатұрмыс» шаруа қожалығының егіс бригадирі Аман Қуаңбаев бастаған Айсұлаубек Жаңабегенов сынды тәжірибелі күршішімен бірге Бекмұрат Баймаханов, Темірлан Серіпнов, Азамат Шүкіров және аспазшы Гүлзира Иманғалиевадай білгір мамандар өздеріне бекітілген егістік алқапты күршісіріп-баптауда. Ал, Азамат Ахметбеков, Асылбек Шебебаев және Қалдан Қарақұлов үшін жер жыртқып берілді. Аяқсу мәселесі де шешілді, – дейді төраға.

«Елде болса, ерінге тиеді» дегендей, биыл Иіркөл ауылының тұрғындары үшін жаңалық көп. Ауыл тұрғындарына жанажолдықтар қолдан келген көмегін беруде.

«Жер ырысты, ел тынысты» болсын деген сөз бар халықта. Ендігі жерде ауылда бірлік пен ынтымақ таси берсін деген тілектеміз.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ. Қармақшы ауданы.



ЖОБА «Қызылорда облысындағы жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау, қалалар және елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 16 мамырдағы №121 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңынан 20-бабының 23-15) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 21 мамырдағы №318 «Ағаштарды кесуе рұқсат беру» мемлекеттік қорғалатын қызмет стандартын бекіту туралы және «Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың үлгілік қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №235 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» бұйрығына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқарма басшысының және басшы орынбасарларының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

Table with 5 columns: Тегі, аты, әкесінің аты; Атқаратын лауазымы; Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты; Мемлекеттік органның орналасқан жері; Байланыс телефоны.

Қызылорда облысы ветеринария басқармасы басшысының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Table with 4 columns: Аты-жөні; Лауазымы; Күні мен уақыты; Телефоны.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметі және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңнамаларының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әлеп кодексінің талаптарының бұзылуына және бермеуі және оның алдын алу мақсатында Қызылорда облысының ветеринария басқармасында (8 7242) 60-54-95 «сенім телефоны» жұмыс жасайтындығын хабарлаймыз.

AGROCREDIT АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ

«Сыбаға» – өңіріміздегі етті мал шаруашылығын дамытуға бағытталған серпінді бағдарлама



Еліміз мал шаруашылығының табысты дамуына үлес қосатын тиісті табиғи-климаттық жағдайлары бар және жайылымдық жерге бай аграрлық секторда жоғары әлеуетке ие. Ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру бүгінгі күні еліміздің аграрлық әлеуетін ескерте отырып, өнеркәсіптің экономикалық тиімділігін арттырудың маңызды міндеттерін бірі болып табылады. Жақында үкіметте бекітілген 2018-2027 жж. арналған етті мал шаруашылығын дамытудың Ұлттық бағдарламасы аясында жемдікті несиелендірудің «Сыбаға» бағдарламасы іске қосылды. Кезіргі уақытта еліміздің барлық облыстарында «Сыбаға» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде.

Мал шаруашылығы секторын ынталандыру мақсатындағы іс-шараларды іс жүзінде жүзеге асыру мақсатында фермерді сапалы даму үшін қажетті несиелік ресурстармен қамтамасыз етудің «Сыбаға» жемдікті несиелік бағдарламасын қамту үшін ауқымды жұмыс жүргізілуде. Бүгінгі таңда «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі АҚ-ның еншілес компаниясы «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ несиелік бағдарламаны жүзеге асыратын операторлардың бірі болып табылады.

Бүгінгі күні «Сыбаға» несиелу бағдарламасы арқылы Қызылорда облысы бойынша «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ-ның филиалымен 13 766 бас аналық ұсақ мал сатып алуға 21 шаруа қожалығын өтімдері қабылданып, облысымыздағы 4 несиелік серіктестері арқылы барлығы 10 шаруа қожалығы 6 447 бас аналық ұсақ мал сатып алуға қаржыландырылды және жақын шетелден, анығырақ айтпанда Ресей Федерациясынан барлығы 506 бас импорттық төлдейтін асылтұқымды мүйізді ірі қара малын сатып алу үшін 315 млн теңгеге өтімдер түсіп, 448 бас асылтұқымды мүйізді ірі қара малын сатып алу үшін 280 млн теңгеге қаржыландырылды. Ескерте кететініміз, өтімдерді қабылдау аяқталмайды, себебі «Сыбаға» бағдарламасы ұзақ мерзімді болашаққа көзделген, өйткені мемлекеттік басымды бағыттың бірі еліміздің экспорттық әлеуетін көбейту және мал шаруашылығы саласында етті өнім сапасын арттыру болып табылады. «Сыбаға» несиелу бағдарламасына қатысу – малыш фермерлердің бәсеке-кестік артықшылықтарын арттырудың нақты мүмкіндігі.

Жананд бастаушы фермерлер де, мал шаруашылығы саласында тәжірибесі барлар да мақсатты аудитория болып табылады, бұл ретте мал шаруашылығын дамыту үшін қажетті инфрақұрылымның және жем-шөп қорының болуы негізгі критерийлердің бірі болып табылады. Қорытындылай келе айтатынымыз, «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ-ның басты міндеті өңірміздегі етті мал шаруашылығын дамытуға серіпін беретін, «Сыбаға» бағдарламасын жүзеге асыру үшін белсенді жұмыстар жүргізу болып табылады.

(ҚР ҰБ Қаржы нарығы және қаржы ұйымдары бөлімше комитетінен 05.11.2019 ж. берілген №5.2.24 лицензиясы)

Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Жас кәсіпкер» жобасы бойынша 2019 жылдың 22 шілдесінен бастап оқу басталатынын хабарлайды. Жоба қала/аудан тұрғындарын кәсіпкерлік дағдыларына оқытуға бағытталған. Қала/аудан тұрғындарын – НЕЕТ категориясындағы жастар (29 жасқа дейін), жеке отбасы мүшелері, аз қамтылған қожалық отбасы мүшелері, аз қамтылған еңбекке қабілетті мүгедектерді оқуға шақырамыз.

Table with 3 columns: №; Кезең; Откізілетін орны мен уақыты.

Балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің табиғат пайдаланушыларының назарына

«Өзен жағалағанның өзегі талмас» деген атадан қалған дана сөздің төркінінде өзен-көлдер мен су айдындарындағы балықтардың адам өміріне қажеттілігін көрсетіп отырғандай. Балық – ол адамзатқа тамақ, ағзамызға қажетінше түрлі дәрумендер, адамды қоршаған ортадағы тірі табиғаттың табыстыру, қаншама жұмыс көзі, бизнес саласының дамуы, қысқасы, балықтың адамзат қауымының арасында ойып тұрып алатын орны бөлек. Сондықтан, қолда бар байлығымыздың бірі – балық түрлері мен олардың мекендейтін ортасын барлығымыз бірауыздан жауапкершілікпен қорғауымыз қажет. Оларды қорғау тек мемлекеттік инспекторларының күзетіндігінде ғана емес, әрбір азаматтың қолында да болуы керек.

Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасы басшылығының жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі

Table with 5 columns: р/с; Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың аты-жөні; Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың лауазымы; Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы; Байланыс телефоны.

Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасында 8 (7242) 27-76-99 номерлі «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

«Қызылорда қаласында 400 орындық студенттік жатақхананың құрылысы және пайдалану» МЖӨ жобасына бастамашылық ету туралы хабарлама

«Қызылорда облысының бітім басқармасы» мемлекеттік мекемесі 25.11.2015 жылғы №725 «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларының» 133-тармағына сәйкес, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобасын іске асыру мүдделі әлеуеті және серіктестерден бақылау ұжымдары тарту мақсатында «Қызылорда қаласында 400 орындық студенттік жатақхананың құрылысы және пайдалану» мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобасына (бұдан әрі – жоба) бастамашылық ету туралы хабарлайды.

Маман қажет

Кіріш зауытына жұмысшылар қажет. Жалақысы 80 000 теңгеден жоғары. Түсік тамақпен қамтамасыз етіледі. Байланыс тел.: 87013359650, 87770582469. (6-5)

«Сыр бойы», «Қызылордискские вести», «Акменит алтындай», «Акменит жастары» және аудандық басқаларда хабарландыру орналастыратыны келсе: 70-80-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjargama@mail.ru

